

Жаңаарқа ауданының М.Жұмажанов атындағы ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 21/145 шешімі. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2023 жылғы 19 қазандағы № 8/59 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 19.10.2023 № 8/59 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Жаңаарқа ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Жаңаарқа ауданының М.Жұмажанов атындағы ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. М.Жұмажанов атындағы ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаарқа аудандық мәслихат хатшысы

*К. Имантусов*

Жаңаарқа аудандық мәслихатының

2022 жылғы "5" сәуірдегі № 21/145

шешіміне 1 қосымша

**Жаңаарқа ауданының М. Жұмажанов атындағы ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Жаңаарқа ауданының М. Жұмажанов атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес өзірленді және Жаңаарқа ауданының М. Жұмажанов атындағы ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізуудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдың аумағы участкерлерге бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуі М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады. Көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайзы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады. М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жаңаарқа ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті М.Жұмажанов ауылдық округінің әкімінің аппаратына беріледі.

Жаңаарқа аудандық мәслихатының

2022 жылғы 5 сәуірдегі №21/145

шешіміне 2 қосымша

**Мұқажан Жұмажанов атындағы ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Көшелердің атауы	Өкілдерінің саны (адам)
1	Тәуелсіздік	1
2	Бейбітшілік	1
3	С.Сейфуллин	1
4	С.Сары-Тока	1
		4